

**Астана қаласы**  
**МКҚК №58 «Өркен» балабақшасының**  
**Педагогикалық кеңесінің**  
**№1 хаттамасы**

*Жиналыс төрайымы :* *Г.Б. Мырзагулова*  
*Хатшы:* *К.М. Тасболатова*

**Күні: 28.08.2025 жыл**

**Қатысқаны: 44**

**Қатыспағаны: 0**

**Өткізу форматы:** офлайн

**Ұзақтығы:** 90 минут

**Қатысушылар:** Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» әдіскері А.Д. Досмұхамет, балабақша әкімшілігі, педагогтер, хатшы.

**1. Тақырыбы: «Ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы арттыру»**

**Мақсаты:** балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз етуге, балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және әр баланың мүмкіндігін ескере отырып, ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эмоционалдық, танымдық қабілеттерін дамытуға психологиялық бағыт – бағдар беру  
Дөңгелек үстел

**Күн тәртібі:**

1. Жаңа оқу жылындағы білім беру ұйымы жұмысының басымдықтары мен негізгі бағыттары туралы:

- меңгерушінің құттықтау сөзі, отырыстың мақсаттары мен міндеттерін айқындау, күн тәртібін бекіту

- білім келешегі: Адал азамат-кәсіби маман (видео ролик)

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзімен бейнеролик (15.08.2025)

- ҚР Білім Министрлігінің бейнеролигі

**Жауапты:** меңгеруші Г.Б.Мырзагулова

2. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту туралы

- ;

- 2025 – 2026 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқаулық хатпен, жаңа нормативтік актілермен және бағдарламалармен таныстыру;

Талқылау және бекіту:

- Оқу жұмыс жоспарын

- Тәрбиеленушілердің тізімдік құрамы
- Педагогтердің оқу жүктемесі
- Күн тәртібі
- Балабақшаны дамыту жоспары
- Педагогикалық кеңестің жоспары
- Балабақша ішкі бақылау жоспары
- Педагогтердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары

Академиялық адалдықты сақтау қағидаларын бекіту

**Жауапты:** әдіскер Зейнелсадыкова Е.С.

3. Тренинг «Кел танысайық» (педагог-психолог)

4. «Балабақшадағы баланың қауіпсіздігі – басты міндет»

**Жауапты:** тәрбиешілер Сатаева А.Ғ.

Байтөреева Ж.О.

5. Балабақшаның ұйымдастырушылық – шаруашылық қызметі туралы

- санитарлық нормаларды сақтау,
- тәрбиеленушілерді тамақтандыру,
- қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету,
- балабақша қызметкерлері үшін ішкі тәртіп ережелері
- жұмыс кестесін бекіту және сақтау

**Жауапты:** Жигитбаева Л.Ж.

мед бике Суюндикова А.Б.

6. Аттестациядан өткен педагогтерді құттықтау

### **Тындалды: 1-сұрақ бойынша:**

Кеңес видеороликпен басталды. Кеңес төрайымы Гультнур Бакиржановна сөз алып, ұжымды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, педагогикалық кеңестің тақырыбы мен мақсатын жариялады және биылғы тамыз кеңесінде еліміздің президенті мен ҚР министрінің сөзінен үзінді бейнеролик көрсетілді. Тақырып бойынша өз сөзін жалғастыра отырып жаңарған тәрбие кеңістігі қазіргі қоғам талабына сай адалдық, жауапкершілік пен кәсібилікке негізделуі қажеттігін атап өтті. Әр педагогтың бойында осы үш құндылық орныққанда ғана баланың тұлғалық дамуы тиімді болатынын айтты. Педагогтың кәсіби ұстанымы дегеніміз – оның баламен, ата-анамен, әріптеспен қарым-қатынастағы құндылықтары мен ұстанған бағыты. Егер педагогтың ұстанымы адалдық пен әділдікке негізделсе, онда ол баланың бойына да сол қасиеттерді дарыта алады.

2025 -2026 оқу жылында оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері бойынша әдістемелік – нұсқаулық хатпен таныстырып талқылады.

### **2-сұрақ бойынша:**

Балабақша әдіскері Еркежан Серікжановна 2025-2026 оқу жылының басталуымен барлық педагогтерді құттықтай отырып, биылға жаңа оқу жылында педагогтерге шығармашылық тасбыс тілей отырып, жаңа бағытқа,

жаңа бастамаға, жаңа шығармашылық жұмыстарға қатысып белсенділік танытуларын сұрады. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы айтып өтті. 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітті. Балабақша тәрбиеленушілерінің дамуы мен іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру жағдайын құру, режимдік сәттердің өткізілу бірізділігін, мазмұнын, құрылымын, жоспарлауға сәйкестігін анықтау керектігі айтылды. 2025-2026 оқу жылына ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі, перспективалық жоспарды, күн тәртібін бекітуге өткізу керектігі айтылды. Балабақшаішілік әдістемелік бірлестік, шығармашылық топтың құрамын бекіту жайлы тоқатылып өтті. Биылғы оқу жылының Қаржылық сауаттылық бағыты бойынша жұмыс әрі қарай жалғасатының, күнделікті күн тәртібіне, іс – әрекеттеріне Қаржылық сауаттылықты енгізу ұсынылды. Жаз мезгіліндегі сауықтыру-шынықтыру шаралары барлық топтарда өз деңгейінде өтіп отырғандығын, жазғы уақытта балалардың таза ауада болу уақытының ұзарғандығын, ұйымдастырылған іс-әрекеттер ашық ауада өткізілгендігін айтты.

### **3-сұрақ бойынша:**

Балабақша педагог – психологі С.М. Слямова ұжымға жаңа қосылған педагогтармен танысу тақырыбында қызықты тренинг ұйымдастырып өткізді. Педагогтар бір – бірмен танысып жақсы эмоционалдық атмосфера орнады.

### **4-сұрақ бойынша:**

Балабақша тәрбиешілері Ж.Байтөреева, А.Сатаева «Балабақшадағы баланың қауіпсіздігі – басты міндет» тақырыбына презентация дайындап әріптестерімен бөлісті. **Топ ішіндегі қауіпсіздік** - тәрбиеші күн сайын топтағы ойыншықтар мен жиһаздың жарамдылығын тексеруі қажет, балалардың ойыны кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтату, қауіпті қимылдарға жол бермеу – тәрбиешінің жауапкершілігінде. **Серуен кезіндегі қауіпсіздік** - балаларды серуенге шығарғанда олардың қатардан шықпауын, бөгде адамдармен сөйлеспеуін қадағалау. Ауладағы ойын алаңында қауіпті жерлерге бармауын қамтамасыз ету. **Жолда жүру ережелерін үйрету** - тәрбиеші балаларға күнделікті өмірде кездесетін қарапайым жағдайларды түсіндіріп, жолда жүру мәдениетін үйретеді. Қорыта айтқанда, балабақшадағы баланың қауіпсіздігі – ең алдымен тәрбиешінің кәсіби шеберлігіне, ұқыптылығына және жауапкершілігіне тікелей байланысты. Біз балаларға қауіпсіз орта жасай алсақ, ата-ана сенімі де, баланың бақытты балалығы да сақталады.

### **5-сұрақ бойынша:**

Балабақша шаруашылық меңгерушісі Ляззат Жумагельдиевна сөз алды. Ол өз сөзінде қызметкерлердің қауіпсіздік техникасы үшін жеке жауапкершілігі арттыру мақсатында, қауіпсіздік нормативтік талаптар негізінде қызметкерлерді қауіпсіздік техникасы жөніндегі лауазымдық міндеттерімен таныстырғанын айтты.

Балабақша медбикесі А.Б. Суюндыкова сөз алды. Балабақшада санитарлық нормаларды сақтау – біздің ең басты міндеттеріміздің бірі. Себебі балалардың денсаулығы тікелей біздің ұйымдастырушылық және гигиеналық талаптарды орындауымызға байланысты. Біріншіден, топ бөлмелерінде тазалықты сақтау,

желдету, кварцтау, ойыншықтарды, жиһазды уақытылы дезинфекциялау – санитарлық норманың негізгі талаптары болып табылады. Әр бала үшін қол жуу, жеке сүлгі қолдану, ыдыстардың дұрыс жуылып, зарарсыздандырылуы қатаң қадағаланады.

Екіншіден, тәрбиеленушілерді тамақтандыру мәселесіне тоқталсақ, біздің ас мәзірі жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылып, балалардың тәуліктік дәрумен мен калорийлік нормаларын қамтамасыз етуі қажет. Асханадағы санитарлық ережелерді сақтау – тамақтың сапасы мен қауіпсіздігінің кепілі.

Үшіншіден, әр баланың денсаулығын бақылау күнделікті жүргізіледі. Таңертеңгі фильтр арқылы әр баланың жағдайы тексеріліп, сырқат белгілері бар болса, топқа кіргізілмейді. Бұл – аурулардың алдын алу шараларының ең тиімді жолы.

Сондықтан да, құрметті әріптестер, бәріміздің бірлескен мақсатымыз – санитарлық нормаларды сақтай отырып, балалардың денсаулығын қорғау және сапалы, дұрыс тамақтандыруды қамтамасыз ету.

### **6-сұрақ бойынша:**

Құрметті педагогтар! 2024 – 2025 оқу жылы педагогтар өз еңбегімен, ізденісімен, кәсіби біліктілігімен көзге түскен, аттестаттаудан абыроймен өткен педагогтарымызды марапаттауға рұқсат етіңіздер. Бүгінгі марапат – сіздердің табандылықтарыңыздың, ізденімпаздықтарыңыздың, ең бастысы – балаларға деген шексіз сүйіспеншіліктеріңіздің нәтижесі. Сіздерді шын жүректен құттықтай отырып, шығармашылық табыс, отбасыңызға амандық, кәсіби жолда биік белестер тілеймін!

### **№1 Педагогикалық кеңес шешімі**

#### **1. 2025 – 2026 оқу жылында білім беру ұйымының жұмысының басым бағыт туралы**

##### **Шешім:**

- «2025 – 2026 оқу жылында оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік – нұсқаулық хатты башылыққа алсын;
- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ету;
- білім беру процесінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолданылсын;

**Жауапты:** меңгеруші, әдіскер

#### **2. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту туралы**

##### **Шешім:**

- балабақшаның 2025 -2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін;
- балабақшаның оқу жұмыс жоспары, оқу жүктемесі, ұйымдастырылған іс – әрекет кестесі, балабақша дамыту жоспары, педагогикалық кеңестің жоспары, әдістемелік кеңестің жоспары, педагогтердің біліктілігін арттыру жоспары;

**Жауапты:** әдіскер

### **3. Балабақшаның ұйымдастырушылық – шаруашылық қызметі туралы**

#### **Шешім:**

- балабақша әкімшілігінің қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету жөніндегі іс –шараларды әзірлесін;
- меңгерушінің әкімшілік – шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары нұсқау өткізу, өртке қарсы қауіпсіздіктің жай – күйін және бейнебақылау жүйесін тұрақты тексеруді қоса алғанда, қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдансын;
- меңгерушінің әкімшілік – шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары және медицина қызметкері балабақшада санитарлық нормалардың сақталуын қамтамасыз етсін;
- медицина қызметкері азық – түлік сапасын бақылауды және тамақтандыруды ұйымдастыруда санитарлық – гигиеналық ережелердің сақталуын қамтамасыз етсін.

**Жауапты:** шаруашылық орынбасар, медбике

**Педагогикалық кеңестің төрайымы:**

**Г.Б.Мырзагулова**

**Педагогикалық кеңестің хатшысы:**

**К.М. Тасболатова**